



Екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандығы N 179 қаулысы

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы N 1085 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық қарыздарды кейіннен қайта қаржыландыруы үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы салатын ақшалай қаражаттың банктік салым шарттарының (бұдан әрі - Шарттар) жобасы мақұлдансын.

2. Қоса беріліп отырған "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының Шарттардың ережелерінен туындастырылған шарттарды жасасуы үшін екінші деңгейдегі банктердің тізбесі және ақшалай қаражатты орналастыру және қайта бөлу лимиттерін бекітілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.08. N 1551 (2009.05.25 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2-1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы Талаптарды іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды өзірлесін.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14. N 516 Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

К.Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009 жылғы

17

ақпандығы

N 179

қаулысымен

мақұлданған

Екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық қарыздарды кейіннен қайта қаржыландыруы үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"

акционерлік қоғамы салатын ақшалай қарожаттың банктік салым талаптары

Астана қаласы

2009 жылғы "___"

1. Пайдаланылатын анықтамалар

Осы Талаптарда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

Салым

Шарттарға сәйкес Клиенттен Банкке
сақтауға түскен ақша.

Талаптардың шенберінде және оған сәйкес
бірнеше Салым орналастыруы мүмкін.
Әрбір Салымның сомасы мен мерзімі Банк
пен Клиент арасында жасалған Шарттарда
белгіленеді;

Банк _____;

Клиент

"Самұрық-Қазына" АҚ - Талаптарға және
Шартқа сәйкес Жинақ шоттың иесі;

Еншілес және Тәуелді

дауыс беруші акцияларының елу пайыздан
астамы меншік немесе сенімді басқару
құқығында Клиентке тиесілі заңды
тұлғалар (ұлттық даму институттарын,
ұлттық компаниялар мен басқа да заңды
тұлғаларды қоса алғанда)(Еншілес
ұйымдар), дауыс беруші акцияларының
елу пайыздан астамы активтерінің
мөлшері (атап айтқанда, Еншілес
ұйымдардың немесе Тәуелді ұйымдардың
әрқайсысының) кемінде 50(елу) миллиард
теңгені құрайтын кез келген осындай
Еншілес ұйымдарға тиесілі олардың
еншілес ұйымдары (Тәуелді ұйымдар);

Шарт

Банк Клиенттен ол бойынша Салым
қабылдайтын, ол бойынша белгіленген
мөлшерде сыйақы төлейтін әрі Заңнамада
және осы Талаптардың ажырамас бөлігі
болып табылатын 1-қосымшаға сәйкес
нысан бойынша белгіленген Шартта
көзделген талаптарда және тәртіппен
Салым қайтаратын банктік салым
шарттарының әрқайсысы және кез

	келгені. "Шарт" терминін контекст бойынша көпше түрде пайдалану қажет болған жағдайда "Шарттар" термині
Жылдық тиімді сыйақы ставкасы	пайдаланылады;
Жинақ шот	Казақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі N 215 қаулысымен бекітілген Қаржылық қызмет бойынша сыйақы шегі туралы ақпаратты тарату кезіндегі сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін есептеу ережесіне сәйкес есептелеңдегі қызметтер бойынша дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы ставкасы;
Уәкілетті тұлға	Салымды есепке алу және оны Банк жүйелері мен есептілігінде көрсету мақсатында Шарттың негізінде ашылған Клиенттің Банктегі теңгемен ашқан банктік шоты;
Узінді көшірме	Заңнамаға сәйкес өкілеттіліктер берілген және Талаптарда және/немесе Шартта көзделгендей Клиенттің, Банктің немесе үшінші тұлғалардың атынан түсетеін тұлға;
Қолтаңба мен мөртабан үлгілері бар карточка	Клиенттің Жинақ шотының белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі жай-күйі туралы құжат (қағаз жеткізгіште немесе электронды нысанда);
Талаптар	Клиенттің уәкілетті өкілдері туралы олардың қолтаңбалары мен мөртабандарының үлгілері бар деректерді қамтитын құжат, ол осы Талаптарда көрсетілген немесе Заңнамада көзделген жағдайларда нотариалды куәландырылуға тиіс;
	осы Екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық қарыздарды кейіннен қайта қаржыландыруы үшін "Самұрық-Қазына"

	"Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы салатын ақшалай қаражаттың банктік салым талаптары;
Заңнама	белгіленген тәртіппен қабылданған және күшіне енген нормативтік құқықтық актілерден тұратын Қазақстан Республикасының заңнамасы;
Ақша	Ұлттық валютадағы төлем құралы;
Тарап/Тараптар	Шарт жасасқан Банк пен Клиент;
Тарифтер	Банктің комиссиялық сыйақысының қолданыстағы Тарифтері;
Жұмыс күндері	Қазақстан Республикасында банктер мәмілелер жасау үшін ашық болатын күндер;
Ұлттық Банк	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк;
Ипотекалық қарыз	Қазақстан Республикасының кез келген екінші деңгейдегі банктерінен және ипотекалық ұйымдарынан бұрын Қарыз алушы Тұрғын жай сатып алу үшін және салуға алған қарыз;
Бөлшек кредиттер	Әлеуметтік кредиттер және Қатардағы кредиттер;
Әлеуметтік кредиттер	Банк Талаптарға сәйкес Қайта қаржыландыру мақсаттарына Салым қаражаты есебінен Қарыз алушылардың мынадай санаттарына теңгемен беретін кредиттер; мемлекеттік қызметшілер; мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын қызметкерлері; мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері; Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар; зейнеткерлер; мүгедектер.

Қатардағы кредиттер	Банк Әлеуметтік кредиттер алуға құқығы бар Қарыз алушылардың санатына кірмейтін Қарыз алушыларға Талаптарға сәйкес Қайта қаржыландыру мақсаттарына Салымның қаражаты есебінен теңгемен беретін кредиттер;
Игерілмеген Салым сомасы	Игеру кезеңінде Қайта қаржыландыру үшін Банк пайдаланбаған Салым
бөлігінің сомасы;	
Игерілген Салым сомасы	Игеру кезеңінде Қайта қаржыландыру үшін Банк пайдаланған Салым бөлігінің сомасы;
Әлеуметтік кредиттер бойынша игерілген сома	Игеру кезеңінде Әлеуметтік кредиттер түрінде Қайта қаржыландыру жолымен
Банк игерген Салым бөлігінің сомасы;	Банк игерген Салым бөлігінің сомасы;
Қатардағы кредиттер бойынша игерілген сома	Игеру кезеңінде Қатардағы кредиттер түрінде Қайта қаржыландыру жолымен
Банк игерген Салым бөлігінің сомасы;	Банк игерген Салым бөлігінің сомасы;
Орташа өлшемді сыйақы ставкасы	мыналар:
	- Әлеуметтік кредиттер бойынша Игерілген Соманың жылдық 5,5 %-ға (бес бүтін оннан бес пайыз) көбейтілген Игерілген Салым сомасына қатынасы;
	к о с у
	- Қатардағы кредиттер бойынша Игерілген Соманың жылдық 7,5%-ға (жеті бүтін оннан бес пайыз) көбейтілген Игерілген Салым сомасына қатынасы ретінде айқындалатын жылдық пайызben сыйақы ставкасы.
	Әлеуметтік кредиттер бойынша Игерілген Сома мен Қатардағы кредиттер бойынша Игерілген Сома Игеру нәтижелері бойынша есептің деректері негізге алына отырып айқындалады. Банк Игеру нәтижелері бойынша есеппен бірге Орташа өлшемді сыйақы ставкасының есептемесін (бұдан әрі - Есептеме) береді. Есептеме уәкілетті тұлғаның

қолтаңбасымен және Банктің мөрімен бекітіледі, сондай-ақ уәкілетті тұлғаның қолтаңбасымен және Клиенттің мөрімен бекітілуге тиіс және Шарт пен

Талаптардың ажырамас бөлігі болып табылады. Осымен Тараптар Есептеме

Орташа өлшемді сыйақы ставкасын белгілеу үшін жеткілікті негіздеме, ал кейіннен оның мөлшерін тиісті растау

болып табылатындығын және сыйақы ставкасын айқындау үшін Тараптардың

Талаптарға және Шарттарға қосымша келісімдер ресімдеуді талап етпейтінін

белгіледі.

Есептемені Тараптарға сәйкес Клиенттің қолтаңбасымен және мөрімен бекіту оны

Клиент алған күннен бастап 5 (бес)

Жұмыс күні ішінде орындалады;

Игеру нәтижелері
бойынша есеп

Игеру кезеңінің аяқталу нәтижелері
бойынша Тараптардың 7-бөлімінің
10-тармағына сәйкес Банк Клиентке
беретін Салымды пайдалану туралы

есеп;

Салымдардың жалпы
сомасы

Шарттарға және Тараптарға сәйкес
Клиенттің Банкке орналастыратын барлық

Салымдарының жалпы сомасы;

Игеру кезеңі

Салым Жинақ шотқа есептелген күннен
бастап 2009 жылғы 15 қазанды қоса
алғанға дейінгі кезеңді білдіреді;

Тұрғын жай

Осы Тараптардың мақсаты үшін Тұрғын
жай деп мыналар түсініледі:

- тұрақты тұруға арналған және пайдаланылатын жеке тұрғын жай бірлігі (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақхана дағы бөлме);
- құрылышқа үлестік қатысу туралы шарт бойынша Қарыз алушы сатып алған құрылыш аяқталмаған тұрғын үй ғимаратының үлесі (пәтер). Бұл ретте

Тұрғын жай мынадай өлшемдерге сәйкес
келуі тиіс".

- жылжымайтын мүлік объектісіне арналған техникалық паспортқа немесе құрылышқа үлестік қатысу туралы шартқа сәйкес тұрғын алаңы 120 (бір жүз жиырма) шаршы метрден аспайды;
- Тұрғын жай Қарыз алушы, оның жұбайы (зайыбы) және кәмелетке толмаған балалары үшін Тұрғын жайдың орналасқан жері бойынша жалғыз болып табылады;
- қарыз алушыға және (немесе) оның жұбайына (зайыбына) және кәмелеттік жасқа толмаған балаларына сыйға беру шарттары бойынша және мұрагерлік тәртібімен жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ меншік құқығында тиесілі жеке тұрғын үй бірлігінде қарыз алушы үлесінің болуы Қарыз алушыны қайта қаржыландырудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды, бұл ретте қарыз алушыға және (немесе) оның жұбайына (зайыбына) және (немесе) кәмелеттік жасқа толмаған балаларына тиесілі көрсетілген үлестер жиынтығында осындай тұрғын үй бірлігіне меншік құқығының 100 % үлесін құрамауға тиіс

Қарыз алушы

Ипотекалық қарыз алған (Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылышын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша қарыз алған азаматтарды қоспағанда) және Қайта қаржыландыру туралы өтінішпен Банкке жүгінген күнгі жағдай бойынша ол бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ жеке тұлға, Қазақстан Республикасының резиденті. Күмән тудырmas үшін Қарыз

түсінілмейді.

Қайта қаржыландыру

болып саналады;

Колжетімділік кезеңі

уақыт кезеңі.

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.14. N 516, 2009.10.08. N 1551 (2009.05.25 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

алушы деп бірлесіп қарыз алушы
және/немесе кепілдік беруші

Осы Талаптардың мақсаттары үшін Қайта қаржыландыру деп Ипотекалық қарызды өтеу үшін Банктің Бөлшек кредиттерді беруі немесе олардың Бөлшек кредиттерге сәйкес келтіру мақсатында Ипотекалық қарыздар шарттарын өзгерту түсініледі, одан кейін мұндай Ипотекалық қарыздар Бөлшек кредиттер

Талаптарға қол қойылған күннен бастап 36 (отыз алты) күнтізбелік айға тең

2. Салымның негізгі талаптары

1. *Салымды ашу және оның әрекеті.* Салым Шарттың 1-бөлімінде белгіленген бүкіл соманы бір жолғы енгізу жолымен ашылады. Қосымша жарналар енгізу көзделмеген. Салымды автоматты түрде ұзарту көзделмеген. Салымдар Қолжетімділік кезеңі ішінде енгізілуі мүмкін.

2. *Салымды сақтау мерзімі.* Шарттың 2-бөліміне сәйкес. Бұл ретте Салым Клиентке Салым Жинақ шотқа орналастырылған күннен бастап 20 (жиырма) жылдан кешіктірмей Клиентке қайтарылуға тиіс.

3. *Салымдардың жалпы сомасы* _____

4. *Салымның валютасы:* теңге.

5. *Салым бойынша сыйақы ставкасы.*

1) Игерілген Салым сомасына Игерілген Салым сомасының іс жүзінде сақталған кезеңі үшін Орташа өлшемді сыйақы ставкасы есептеледі. Есептелген сыйақы Талаптарға сәйкес төленеді. Игерілген Салым бөлігіне жылдық тиімді сыйақы ставкасы Заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалады;

2) Игерілмеген Салым сомасына Жинақ шотта Игерілмеген Салым сомасын іс жүзінде сақтау кезеңі ішінде жылдық 10 % (он пайыз) ставканы негізге ала отырып, Игерілмеген Салым сомасына сыйақы есептеледі, ол Игерілмеген Салым сомасын қайтарумен бірге төленеді. Игерілмеген Салым бөлігіне жылдық тиімді сыйақы ставкасы Заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 5-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.14. № 516
Қаулысымен.**

6. Клиент Салымды мерзімінен бұрын талап еткен кезде сыйақы есептегу тәртібі:

1) Егер Заңнамаға сәйкес Салымды талап ету сәтінде Банктің Бөлшек кредиттер бойынша сыйақы ставкасын қайта қарау (ұлғайту) құқығы болған жағдайда Салымды мерзімінен бұрын талап ету күнінің алдындағы соңғы 90 (тоқсан) күн ішіндегі сыйақыны алып тастай отырып, Салымды іс жүзінде сақтау мерзімі үшін Орташа өлшемді сыйақы ставкасы есептеледі;

2) егер Заңнамаға сәйкес Салымды талап ету сәтінде Банктің Бөлшек кредиттер бойынша сыйақы ставкасын қайта қарау (ұлғайту) құқығы болмаған:

- және Салымды талап ету Салымды Жинақ шотына орналастырған күннен бастап 3 (үш) жыл бұрын орындалған жағдайда, Салымды іс жүзінде сақтау мерзімі үшін Орташа өлшемді сыйақы ставкасы есептеледі, бірақ бұл ретте Клиент Банкке Салым сомасының 9,5 %-ы (тоғыз бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді;

- және Салымды талап ету Салымды Жинақ шотқа орналастырған күннен бастап 3 (үш) жылдан кейін орындалған жағдайда, Салымды іс жүзінде сақтау мерзімі үшін Орташа өлшемді сыйақы ставкасы есептеледі, бірақ бұл ретте Клиент Банкке Салым сомасының 5 %-ы (бес пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Банк Тұрақсыздық айыбы сомасын Банктің Клиентке қайтаратын Салымының сомасынан немесе оның бір бөлігінен ұстауға тиіс.

3. Жинақ шот ашу үшін қажетті құжаттар

1. Жинақ шот ашу үшін Клиент мынадай құжаттарды беруге міндетті:

1) тиісті түрде толтырылған және қол қойылған 2 (екі) данадағы Шарт;

2) қолтаңбаларының және мөртабандарының ұлгілері бар тиісті түрде толтырылған және нотариалды куәландырылған үш Карточка;

3) салық салу есебіне қою және СТН беру фактісін растайтын салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесі;

4) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613 Қаулысымен.

5) занды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) ету фактісін растайтын үәкілетті орган берген белгілеген нысандағы құжаттың көшірмесі;

6) занды тұлға жарғысының не үлгі жарғы негізінде занды тұлға қызметінің фактісін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

7) қолтаңбаларының және мөртабандарының ұлгілері бар Карточкаға сәйкес Клиенттің Жинақ шотының жүргізілуіне байланысты операцияларды жасаған кезде төлем құжаттарына қол қоюға үәкілетті Клиент тұлғасының (тұлғаларының) жеке

басын күәландыратын құжаттың (-тардың) көшірмесі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613

Қ а у л ы с ы м е н .

2. Клиенттің Банкте басқа шоттары бар болған жағдайда, Банк Клиенттен Заңнамада белгіленген шектеулерді ескере отырып, осы тарауда көрсетілген құжаттарды сұрамауға құқылы.

3. Банк, егер осы Заңнамада тікелей көзделмесе, қосымша құжаттарды беруді талап етүге құқылы.

4. Клиент Банкте бірнеше шоттарды ашқан жағдайда құжаттарды ұсыну тәртібі мен талаптары Заңнамаға сәйкес айқындалады.

5. Қолтаңбаның не мөртабанның бір үлгісінің өзін алмастырған кезде Банкке қолтаңбалардың және мөртабанының үлгілері бар жаңа Карточка ұсынылады.

4. Жинақ шот ашу және жүргізу тәртібі

1. Банк жасасқан Шарт негізінде және Талаптардың 3-бөлімінде көрсетілген құжаттардың бүкіл пакетін алғаннан кейін Жинақ шот ашады.

2. Шартқа қолтаңбалар үлгілері және мөртабандары бар Карточка деректеріне сәйкес Клиенттің уәкілетті тұлғалары қол қояды.

3. Банк Клиенттің Ақшасын есепке алу мақсатында Клиентке жеке сәйкестендіру кодын береді. Жеке сәйкестендіру кодын тағайындау, оның күшін жою, Банктің Клиент Салымының есебін жүргізу тәртібі Заңнамамен айқындалады.

4. Салымды қайтаруды және сыйақы төлеуді егер Заңнамада және Шартта өзгеше белгіленбесе, Банк Шарттың 2-тармағында көрсетілген Салым мерзімі аяқталған күні Шарттың 4-тармағында көрсетілген Клиенттің банктік шотына жүзеге асырады.

5. Егер Талаптардың 2-бөлімінде өзгеше белгіленбесе:

1) Клиент Талаптардың 10-бөлімі 1-тармағының 1) тармақшасында айтылған міндеттемелерді бұзған;

2) Заңнамада көзделген тәртіппен Жинақ шотта тұрған Ақшаға тыйым салынған, сондай-ақ Жинақ шот бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған жағдайда осындай шешімдер қолданылған бүкіл кезең ішінде Шарттың талабы сөзсіз бұзылған деп саналады, ал сыйақы жылдық 0 (нөл) % есебімен есептеледі; ал Салым бөлігіне тыйым салынған жағдайда, мұндай сыйақы ставкасы (жылдық 0 %) Салымның осы бөлігіне қатыстығана қолданылады.

6. Жинақ шотқа салық берешегі бойынша салық органдарының және атқарушылық іс жүргізу органдарының инкассалық өкімдерін шығарған жағдайда: Ақша жеткілікті болған кезде Банк Клиентке алдын ала хабарлап, инкассалық өкімді орындауды; Ақша жеткіліксіз болған кезде инкассалық өкім шығарылған күнге дейін Жинақ шотқа оны орналастырған күннен бастап Салымды сактау кезеңі ішінде Талаптардың 2-бөлімінің 6

-тармағына сәйкес Клиентке сыйақыны есептей және төлей отырып, Жинақ шотқа Ақшаның түсу шамасына қарай ішінара инкассалық өкімді орындаиды.

7. Жинақ шотқа үшінші тұлғалар төлем құжаттарын (инкассалық өкімдер, төлем талаптары-тапсырмалары) Заңнамаға сәйкес (бұдан әрі - нұсқау), оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша салық органдарының инкассалық өкімдерін шығарған жағдайда:

- төлем құжатын қанағаттандыру үшін Жинақ шотта Ақшаның жеткілікті сомасы болған кезде Банк осы нұсқауды орындаиды. Салымның алынған бөлігіне арналған сыйақы есептелінеді және Талаптардың 2-бөлімінің 6-тармағында белгіленген сыйақы ставкасы бойынша Салымды іс жүзінде сақтау мерзімі ішінде төленеді, ал Салымның қалдығына Талаптардың 2-бөлімінің 5-тармағында белгіленген сыйақы ставкасы бойынша Салымды іс жүзінде сақтау мерзімі ішінде есептелінеді және төленеді;

- Клиенттің Жинақ шотындағы Ақша жеткіліксіз болған кезде нұсқауды қанағаттандыру үшін соңғысы Клиентке хабарлай отырып, Заңнамада көзделген мерзім ішінде Банкте сақталады. Нұсқау сақталған кезеңде сыйақыны есептеу жалғасады, бірақ Ақша Клиенттің Жинақ шотында блокталады (Шарттың қолданылу мерзімі осы кезеңде біткеніне қарамастан). Банк өкімді орындалмай қайтарған сәттен бастап (Жинақ шотта Ақша жеткіліксіз болған кезде Банкте нұсқауды белгілеген сақтау мерзімі аяқталғаннан не оны нұсқаудың бастамашысы кері қайтарып алғаннан кейін), егер Шарттың қолданылу мерзімі өтпесе, Банк сыйақыны есептеуді жалғастырады. Егер Шарттың қолданылу мерзімі өтсе, Банк Салымды және Шарттың қолданылу мерзімі ішіндеғана есептелген сыйақыны қайтарады. Нұсқауды сақтау мерзімі ішінде Шарттың қолдану мерзімі өткеннен кейін сыйақы есептелінбейді және Клиентке төленбейді.

8. Клиенттің Жинақ шотының болуына байланысты Банк үшін маңызы бар немесе болатын кез келген өзгерістер болған жағдайда (Клиенттің заңды мәртебесін, Клиенттің атынан қол қою құқығы бар тұлғалардың Т.А.Ә. және басқа ұқсас ақпаратты қоса алғанда, бірақ оның өзгеруін шектемей) Клиент мүмкіндігінше қысқа мерзімде Банкке осы туралы жазбаша хабарлауға міндетті. Хабарлама Банк тиісті жазбаша хабарламаны және осы өзгерістерді растайтын құжаттарды алған сәттен бастап қана Банк қабылдаған деп саналатын болады.

9. Банк Клиентке растауға Үзінді көшірмеге және/немесе басқа ақпаратқа қатысты берген қателер табылған жағдайда, Банк/Клиент басқа Тарапқа осы туралы дереу хабарлауға міндетті. Барлық жіберілген қателерді Банк мүмкіндігінше қысқа мерзімде түзеді.

10. Үзінді көшірмелерді Клиентке Ақшаны Жинақ шотқа есептегеннен кейін, сондай-ақ Ақшаны Жинақ шоттан есептеп шығарған кезде Банкке Клиенттің өкілі өтініш берген сәтте, оның Банктегі шоттарына қатысты Банктің Клиентке қызмет көрсету жөніндегі іс-әрекетін жүзеге асыратын уәкілетті тұлғасы береді.

11. Клиент Банктен алынған барлық хат-хабарды (растау, Үзінді көшірмелер және/

немесе кез келген өзге ақпарат) алғаннан кейін бірден тексеруі тиіс. Бұдан басқа, Клиент Жинақ шотқа қатысты оның нұсқаулықтарын Банктің орындаудың дұрыс тексеруі тиіс. Егер Клиент қандайда бір дәлсіздік және/немесе толық орындауды тапса, ол Банкке бұл туралы дереке хабарлауы тиіс.

12. Егер Клиент Банкке Банк жүргізген және хат-хабарда көрсетілген операциялармен және есептермен келіспейтіні туралы жазбаша хабарламаны Клиент оларды алған күннен бастап 10 (он) Жұмыс күні ішінде жібермесе, Клиент, осылайша, "ұйғарым бойынша" жүргізілген операциялар мен есептемелердің дұрыстығын растайды, ал Банк осы ақпаратты одан әрі есептеме үшін пайдалануға құқылы.

13. Клиент Заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік, Заңнамада белгіленген валюталық бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ Банктің құқық қорғау органдарын және Ұлттық Банкті Клиент жіберген Заңнаманы бұзушылықтар туралы хабарлауы бөлігінде Банктің міндеттері туралы өзінің хабардар етілгендейгін растаиды.

14. Шарт бойынша міндеттемелерді неғұрлым тиімді орындау мақсатында Тараптар тиісті келісімдер жасасуға құқылы, олар бойынша Банк Клиентке әр түрлі ақпарат жеткізгіштер мен бағдарламалық-техникалық қамтым ұсынады. Клиенттің осындай жеткізгіштерді және бағдарламалық-техникалық қамтымды пайдалану талаптары мен тәртібі көрсетілген келісімдермен анықталатын болады.

5. Салымды енгізу

1. Эрбір жаңа Салым Тараптар тиісті Шарт жасасқаннан кейін 5 (бес) Жұмыс күні ішінде орналасырылады.

2. Салым Заңнамада көзделген шектеулерді ескере отырып, қолма-қол ақшамен не банктік аударыммен енгізілуі мүмкін.

3. Ақша мерзімді Салымға Салымның толық сомасында бірдей енгізілуі мүмкін, Жинақ шотты толтыруға жол берілмейді.

4. Клиент Салымға егер басқа уағдаластық болмаса, Жинақ шоттың түріне байланысты Банк қолданатын тапсырмаларды стандартты бланкілерінде Банкке берілуге тиіс және Талаптардың 3-бөлімі 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Клиент Банкке берген қолтаңбалар үлгілері мен мөртабандары бар Карточкада көрсетілген бірінші және екінші қол қою құқығына ие тұлғалар қол қоюға тиіс жазбаша тапсырмалар арқылы иелік етуі мүмкін.

5. Тараптар тиісті келісім жасаған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін электронды құжаттарды пайдалануға құқылы.

6. Тапсырмаларды берудің кез келген өзге тәсілдері Банк пен Клиент арасында жазбаша нысанда жеке келіслуі тиіс, осыдан соң бұл тапсырмаларды Банк орындауға қабылдайтын болады (олар Заңнамаға сәйкес келген жағдайда)

7. Банк анық емес тапсырмаларды, толтырылмаған, Клиент немесе өзге де Уәкілетті тұлғалар қол қоймаған немесе Заңнамада көзделген мәліметтерді талап етуді қамтымайтын тапсырмаларды; қарындашпен толтырылған тапсырмаларды; түзетулері бар тапсырмаларды және Заңнаманы бұзатын валюталық операцияларға қатысты тапсырмаларды қабылдамайды. Мұндай жағдайларда Банк осындай тапсырманы бастарту себебін көрсетіп, орындармай қайтарады. Банк осындай тапсырманы орындағандығына байланысты Клиентке келтірілген шығындар мен залалдар үшін Банк жауап бермейді.

6. Жинақ шотты дебеттеу және блоктау

1. Жинақ шотты дебеттеу Заңнамада, Талаптарда және/немесе Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің иелік етуі бойынша және/немесе келісімімен ғана жүргізіледі. Осымен Клиент Банкке осы Талаптардың 8-бөлімінің 3-тармағы және 9-бөлімінің 7-тармағының орындалу мақсаттары үшін ғана Клиенттің банктік шоттарын акцептіз дебеттеуге, сондай-ақ Заңнамада көзделген жағдайларда төлем құжаттары негізінде ақшаны акцептіз алуға сөзсіз келісуді ұсынады.

2. Үшінші тұлғалардың талаптары орындауға қабылданады және Клиенттің қосымша келісімінсіз, бірақ Заннамада көзделген жағдайларда Клиентке хабарлай отырып орындалады.

3. Жинақ шот бойынша операцияларды тоқтата тұруды және ондағы ақшаны блоктауды Банк Заңнамада белгіленген жағдайларда Клиенттің келісімінсіз жүргізеді.

7. Салым бойынша сыйакы

1. Салым бойынша сыйақы мөлшерін Талаптар белгілейді.

2. Салым бойынша сыйақы егер Шартта өзгеше көзделмесе, жылына 360 күн негізінде және бір айдағы іс жүзіндегі күндер санын ескере отырып есептелінеді.

3. Сыйақыны есептеу жөніндегі мерзімді санау Клиенттің Жинақ шотына Салым түскен күннен басталады және Салымды сақтау мерзімі аяқталған күні аяқталады, бұл ретте Жинақ шотқа Ақшаның түскен күні және Салымды сақтауды аяқтау күні бір күн
б о л ы п с а н а л а д ы .

4. Игерілген Салым сомасы бойынша сыйақыны Салымды Жинақ шотқа орналастырған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай ішінде Банк Клиенттің деректемелері көрсетілген Шарттың 4-бабында көрсетілген банктік шотына 6 (алты) ай өткеннен кейін бірінші Жұмыс күні аударады.

5. Мерзімді Салымды Клиент белгілеген мерзім өткенге дейін талап еткен жағдайда сыйақыны Банк Талаптарға сәйкес Салымның іс жүзінде орналасқан мерзімі ішінде төлеуді .

6. Банк мерзімі 12 (он екі) айдан асатын, оның ішінде Ұлттық Банктің саясаты

шешберінде Қазақстан Республикасындағы сыйақы ставкалары жалпы өзгерген жағдайда, бұл туралы болжамды өзгерту күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Клиентке жазбаша хабарлап, Салымдар бойынша сыйақы ставкаларының мөлшерін қайта қарауға (оның ішінде азайту жағына) құқылы. Клиент сыйақыға қатысты жаңа талаптармен келіспеген жағдайда Салымды пайдаланудың іс жүзінде мерзімі ішінде мерзімді Салымды 1 Талаптардың 2-бөлімінің 5-тармағында белгіленген ставка бойынша сыйақы төлей отырып, мерзімінен бұрын талап ете алады.

7. Сыйақыны төлеген кезде Банк Заннамада белгіленген жағдайларда, мөлшерде және тәртіппен төлем кезінен ұстайтын салықтарды ұстауды жүргізеді.

8. Егер Шарттың 2-тармағында көрсетілген Салым мерзімінің аяқталған күні демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда, онда Салымды қайтаруды және сыйақыны төлеуді Банк келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады. Бұл ретте сыйақы көрсетілген демалыс/мереке күндерін қоса алғанда, Салым іс жүзінде сақтау кезеңі ішінде есептелінеді және төленеді.

9. Салымды және Талаптарда айқындалған өзге мақсаттарды игеру мониторингі үшін Банк Клиентке Салымды пайдалану туралы есепті береді. Салымды пайдалану туралы есеп, оның ішінде Игеру нәтижелері бойынша есеп уәкілетті тұлғаның қолтаңбасымен және Банктің мөрімен бекітілуге тиіс.

10. Салымды пайдалану туралы есеп Тараптармен қосымша келісілген мекен жайға қағаз жеткізгіште және электронды түрде ұсынылуға тиіс:

- бір ай өткеннен кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Игеру кезеңінде ай сағын, және

- күнтізбелік жарты жыл өткеннен кейін 10 (он) Жұмыс күнінен кешіктірмей Игеру кезеңінен кейін жарты жылда бір рет 3 (үш) жыл ішінде.

8. Банк көрсететін қызметтерге ақы төлеу

1. Банк осымен қазіргі уақытта ол бойынша Клиент Жинақ шоттың болуына байланысты Банктің қызметтерін төлеуге тиіс Тарифтердің болмайтындығын хабардар етеді.

2. Егер кейіннен Банк Заннамаға сәйкес Жинақ шоттың болуына байланысты қызметтер бойынша барлық заңды тұлғалар үшін бірыңғай Тарифтерді бекіткен жағдайда, Клиент Банктің қызметтеріне ақы төлеуге, сондай-ақ егер тек Банк пен Клиент арасында өзгеше келісілмеген болса, Банк ұсынған Тарифтерге сәйкес (Клиентке алдын ала хабарлап, Банк өзгертуі мүмкін) әдетте Банк қызметтері төленетін валютада, мөлшерлерде және жағдайларда, Клиенттің олардың нұсқаулықтарын орындауға байланысты Банк келтірген барлық шығындарды өтеуге кепілдік береді.

3. Банк осы Талаптардың негізінде Клиенттің Жинақ шотын Банкке төлеуге тиесілі төлемдердің сомасына тікелей дебеттеу жолымен оларға көрсетілген қызметтер үшін

ақыны кезең-кезеңмен алуға (егер қолданылса) құқылы. Клиент Банк Жинақ шоттан дебеттеген комиссиялар сомасын даулауға құқылы.

9. Салымды қайтару және Жинақ шотты жабу

1. Салымды қайтаруды Банк Клиентке Салымды орналастырған күннен бастап 36 (отыз алты) ай өткеннен кейін әрбір 6 (алты) ай сайын бірдей үлестермен (бөліктермен) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады. Шартты мерзімінен бұрын бұзған немесе орындаудан бас тартқан жағдайда есептелінген сыйақысы бар Салымды қайтару 5 (бес) Жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

2. Банк Игеру кезеңі ішінде Салым сомасын игермеген жағдайда Банк Игеру нәтижелері бойынша есепті ұсынған күні Талаптарға сәйкес Игерілмеген Салым сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны қайтаруға міндettі.

3. Салымды немесе оның бір бөлігін қайтарып алу Шарттың 4-тармағында көрсетілген Клиенттің банктік шотына не Клиенттің Ұлттық Банктегі Шартта көрсетілген шотына жүзеге асырылады.

4. Егер Клиент Салымды Шартта көрсетілген мерзім басталғанға дейін талап еткен жағдайда, Шарттың қолданылуы тоқтатылады, ал Жинақ шот жабылуға тиіс. Талаптарға, Шартқа және Клиенттің Банк қызметтерін төлеуіне (егер қолданылса) сәйкес Банктің Салымды қайтарып алуымен және сыйақыны төлеуімен Шарт өзінің
қ о л д а н ы л у ы н т о қ т а т а д ы .

5. Банк Клиент Заңнаманы бұзған және Клиент өз міндettемелерін орындаған жағдайда, егер мұндай жолсыздық және/немесе орындау Банкте Жинақ шоттың болуына байланысты болса және Тараптардың Шарт бойынша өз міндettемелерін орындаудың мүмкін етпесе не едәуір қыыннатса, Талаптарда белгіленген тәртіппен және мерзімде Клиентке осы туралы хабарлап, осылайша Жинақ шотты жүргізуі тоқтата отырып, кез келген уақытта Шарттан бас тартуға құқылы.

6. Банк Шарттан бір жақты тәртіппен бас тартуға және Клиентті 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде осындаі мерзімінен бұрын қайтару туралы хабарлай отырып, Салымды (немесе оның бір бөлігін) қайтарып беруге құқылы. Салымды немесе оның бір бөлігін осы тармаққа сәйкес қайтарған жағдайда қайтарылатын Салымға (оның бір бөлігіне) сыйақы оны Жинақ шотта орналастырудың іс жүзіндегі мерзімі Салымды (немесе тиісінше оның бір бөлігін) орналастырудың іс жүзінде мерзімі ішінде мерзімінен бұрын қайтарылған сәтте Талаптардың 2-бөлімінің 5-тармағына сәйкес белгіленген ставка бойынша есептеледі.

7. Салымды кез келген негізdemелер бойынша мерзімінен бұрын қайтарған жағдайда, Тараптар барлық қалған орындалмаған міндettемелерді толығымен орындауға міндettі. Клиент Банктің Жинақ шотты тікелей дебеттеу арқылы ол Тарифтерге сәйкес осы Талаптар мен Шарт шенберінде Клиентке барлық

8. Тараптар осымен Жинақ шотқа енгізілген Ақша Клиенттің атына түскен Банктің сол филиалынан немесе Банк белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы Банктің басқа филиалынан/бөлімшесінен Клиентке берілуі мүмкін екендігімен келіседі. Олардың барлық сомасының төлемдерін немесе бір бөлігін қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы Банктегі немесе одан алынған кез келген Салымдарға қатысты Банктің барлық міндеттемелері Заңнамамен және Шартпен реттеледі және кез келген мұндай төлем Банктің немесе оның Қазақстан Республикасының аумағындағы филиалы/бөлімшесі орналасқан жер бойынша ғана жүргізілүі мүмкін.

9. Клиенттің таратылуына немесе қайта ұйымдастырылуына байланысты Жинақ шотты жабу жағдайларын қоспағанда, осы шотқа орындалмаған талаптар болған кезде және Заңнамада белгіленген өзге жағдайларда Жинақ шотты жабуға тыйым салынады.

10. Шарт кіріспеде көрсетілген Тараптар оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді. Шарттың қолданылу мерзімі Салымды сақтау мерзіміне барабар.

10. Тараптардың күкүйктары мен міндеттері

1 . К л и е н т :

- Шарттың кіріспесінде көрсетілген Банк тиісінше ашқан Клиенттің Жинақ шотына Шарттың 1-тармағында айқындалған мөлшерде және валютада Шарттың 2-тармағында көрсетілген Салымның қолданылу мерзімі басталған күні Ақша аударуға;
 - Клиенттің Жинақ шотының болуына байланысты Банк үшін маңызы бар немесе болуы мүмкін барлық өзгерістер туралы Банкке хабарлауға;
 - Талаптардың Шарттарына сәйкес Банктен алынатын хат-хабарды тексеруге;
 - Банк Есептемені берген күннен бастап 5 (бес) Жұмыс күні ішінде оған қол қоюға және оны мөрмен бекітуге міндettі.

2. Клиент, егер мұндай орындаудың және/немесе тиісінше орындаудың жиынтық мөлшері кемінде 2500000000 (екі миллиард бес жүз миллион) теңгегі немесе мұндай орындау және/немесе тиісінше орындау күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша кез келген валютадағы баламаны құраса, Банк пен Клиент немесе оның Еншілес ұйымдары мен Тәуелді ұйымдары арасында жасалған Талаптар, Шарт және/немесе өзге банктік салым шарттары бойынша міндеттемелерді Банк орындаған және/немесе тиісінше орындаған жағдайда Клиент Салымды іс-

жүзіндегі сақтау мерзіміне есептелген сыйақыны жоғалтпай Шартты мерзімінен бұрын бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

З . Б а н к :

- 1) Салымды нысаналы мақсатқа сәйкес пайдалануға;
 - 2) Салымды Игеру кезеңі ішінде Талаптарға сәйкес игеруге;
 - 3) алынған Ақшаны Жинақ шотында ескеруге;
 - 4) Талаптарға сәйкес сыйақы есептеуге;

Лым мерзімі өткеннен кейін Шарттың 1-тармағында көрсетілген соманы, Заңнамаға сәйкес салық ұсталғаннан кейін есептелген сыйақыны Шарттың 5-да көрсетілген Клиенттің банктік шотына қайтаруға; инктік құпияға кепілдік беруге міндетті. Клиенттің келісімінсіз Салымға шінші тұлғаларға анықтамалар Заңнамада көзделген жағдайлардағанда

7) Қарыз алушымен жасалатын Қайта қаржыландыру жөніндегі шарттарда Банктің Клиентке және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың мониторингі және оның мақсатты, заңды әрі тиімді пайдаланылуын бақылау мақсатында құрылған Жұмыс тобына (органға) және оның құрамына кіретін мемлекеттік органдарға Бөлшек кредит бойынша, оның ішінде банктік және коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты беруіне Қарыз алушының келісімін
көздеге міндетті.

4. Клиенттің пайдасына ақшаны қате қабылдау (есептеу) фактісі белгіленген жағдайда, Банк осы қателікті жою мақсатында Клиенттің тиісті тапсырмасының/келісімінсіз көрсетілген ақшаны алып қоюды (есептен шығаруды) жүргізуге құқылы.

4-1. Банк Клиенттің келісімімен осы Талаптарға сәйкес Банктің қатысу үлесі бар ипотекалық ұйым Ақшасының бір бөлігін ипотекалық қарыздарды кейіннен қайта қаржыландыру үшін беруге құқылы.

Ескеरту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14. N 516
Қаулысымен.

11. Тараптардың жауапкершілігі

1. Банк Заңнамамен тыйым салуға, шоттар бойынша операцияларды тоқтата тұруға және Клиенттен Ақшаны өндіріп алуға уәкілетті органдардың іс-қимылдары нәтижесінде Клиентке келтірілген шығындар үшін жауапты болмайды.

2. Шарттың талаптарын бұзған кезде Тараптар Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

3. Банк Салымды қайтаруды және/немесе сыйақы төлеуді заңсыз кідірткені және/немесе Клиенттің Салымды мерзімінен бұрын алып қою туралы нұсқауларын орындауды заңсыз кідірткені үшін Банк Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осынданай іс жүзінде мерзімі өткен кезең үшін,

бірақ Клиентке қайтарылмайтын соманың 9,5 %-ынан (тоғыз бүтін оннан бес пайыз) аспайтын сомада ақшалай міндеттемені орындаған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Тұрақсыздық айыбын төлеу Банкті Салымды қайтару бойынша міндеттемелерді орындаудан және Салымды іс жүзінде сақтау кезеңі ішінде есептелген сыйақыны төлеуден босатпайды. Тұрақсыздық айыбы Банктің Шартта белгіленген Салымды қайтарып алу мерзімі өткеннен кейін есептеледі.

4. Банк Шарттың талаптарын орындаудан бір жақты бас тартқан жағдайда Банк Салымды іс жүзінде сақтау кезеңі ішінде Талаптарға сәйкес сыйақы төлейді.

12. Форс-мажор

1. Егер Тараптардың қандай да біріне (Тартылған Тарап) тежеусіз күш (Форс-мажор) мән-жайлары Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі немесе тежеу болса, Тартылған Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы Форс-мажорлық мән-жайлар созылатын уақыт қатаң, бірақ 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын уақытқа

2. Форс-мажор өртті, су тасқынын, жер сілкінісін, өзге де дүлей зілзалаларды, соғыстарды (жарияланған және жарияланбаған), көтерілістерді, ереуілдерді, азаматтық соғыстарды немесе жаппай тәртіпсіздікті, бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуын, электр энергиясының ажырауын, байланыс желісінің бұзылуын және Тараптардың еркіне бағынбайтын басқа мән-жайларды қоса алғанда, бірақ оларды шектемей Тараптардың пайымды бақылауынан тыс болатын кез келген мән-жайларды білдіреді, мұндай жағдай болған кезде Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаны үшін жауапты болмайды.

3. Осымен Тараптар заңнамадағы Шарт бойынша міндеттемелерді Тараптардың орындау мүмкіндігін болдырмауға әкеліп соғуы мүмкін өзгерістер Тараптардың пайымды бақылауынан тыс мән-жайлар болып табылатынына және олар болған кезде Тараптар орындағаны үшін жауапты болмайтынына келіседі.

5. Форс-мажор аяқталғаннан кейін 5 (бес) Жұмыс күні ішінде Тартылған Тарап

екінші Тарапты осы факт туралы жазбаша хабардар етуі тиіс және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жаңартуы тиіс. Егер Форс-мажор басталғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам уақытқа созылған жағдайда, Тараптар Шарттың қолданылуын өзара келісім бойынша тоқтатуға құқылы, бұл ретте мұдделі Тарап мұндай тоқтатқанға дейін 14 (он төрт) күнтізбелік күннен кешіктірмей, екінші Тарапқа бұл туралы жазбаша хабарлайды.

13. Хабарламалар

1. Шартта және Талаптарда көзделген барлық хабарламалар Тараптардың келісімі бойынша орыс тілінде жазбаша нысанда беріледі. Бұл хабарламалар алғаны туралы қолхатпен жеке тапсырылады, сондай-ақ егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, алғаны туралы растамамен халықаралық танылған курьерлік қызмет немесе өзге курьерлік қызмет арқылы жіберілетін қайталама көшірмелермен телефон/телефакс/телеграф/ СВИФТ бойынша жіберіледі. Осы Бөлімге сәйкес берілетін барлық хабарламалар:

- 1) егер олар жеке немесе курьерлік қызмет арқылы тапсырылса - алған күні;
2) егер телекс/телеграф/телефакс/СВИФТ бойынша жіберілсе - берілген күні

2. Тараптар өздерінің мекен жайлары, телефон немесе телефон нөмірлері немесе басқа деректемелері өзгерген жағдайда, олар бұл туралы бір-бірін уақытылы, алайда мұндай өзгерістерден кейін 7 (жеті) күнтізбелік құннен кешіктірмей хабардар етуі тиіс.

14. Құпиялылық

1. Банк Клиентке, Жинақ шотына, Салымға қатысты ақпараттың құпиялышының қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдайды.

2. Егер құпиялылық қатысты Банктің ұсынымдарын сақтамау салдарынан Клиенттің өз кінәсінен құпиялылық бұзылған не құпия ақпарат өзге көздерден үшінші тұлғаларға белгілі болған жағдайда, Банк жауапты болмайды.

3. Банк құпия негізде өзінің консультанттарына, адвокаттарына немесе аудиторларына мәліметтер беруге құқылы, бұл ретте Банк мұндай тұлғалардың Заңнамаға сәйкес құпия ақпаратты жариялағаны үшін жауапты болады. Банктің Жинақ шотына, Клиентке, оның қызметіне қатысты ақпаратты қандай да болмасын өзге үшінші тұлғаларға Клиенттің жазбаша келісімінсіз ашуға құқығы жоқ. Бұл міндеттеме мұндай ашу Заңнамаға сәйкес талап етілетін жағдайларға қолданылмайды.

15. Салымның нысаналы мақсаты

1. Банк Салымды алғаннан кейін Талаптарға және Шартқа сәйкес Қайта қаржыландыруды жүзеге асыруға міндепті. Бұл ретте шетелдік валютада берілген

Ипотекалық қарызы Қайта қаржыландыру жүзеге асырылған жағдайда, мұндай Ипотекалық қарыз бойынша негізгі борыш сомасын анықтау Банк Қайта қаржыландыру жөнінде шешім қабылдаған күні немесе Бөлшек кредит берген күні (Банктің қалауы бойынша) "Қазақстандық қор биржасы" АҚ анықтаған бағам бойынша жүзеге асырылатын болады.

2. Бөлшек кредит бойынша сыйақы ставкасы:

- 1) Әлеуметтік кредиттер үшін - жылдық 9 % (тоғыз пайызды);
- 2) Қатардағы кредиттер үшін - жылдық 11 % (он бір пайызды) құрайды.

3. Бұл ретте Банк:

1) Қарыз алушы бастамашы болған кредит беру шарттарының өзгеруіне байланысты;

2) Қарыз алушының Бөлшек кредит бойынша міндеттемелерді бұзуының себебінен өндіріп алынатын комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге төлемдерді қоспағанда, Бөлшек кредитке байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге төлемдерді өндіріп алмайды.

4. Банк ықтимал Қарыз алушының Қарыз алушыға қойылатын өлшемдерге сәйкестігін белгілеуге бағытталған өзіне байланысты барлық шараларды қабылдайды. Осы мақсатта Банк Қарыз алушыға, оның жұбайына (зайыбына) және кәмелеттік жасқа толмаған балаларына қатысты қажетті мәліметтер мен құжаттарды:

1) азаматтарды тіркеу кітабының (үй кітапшасының) нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе тиісті елді мекенде тұратынын растайтын анықтаманы;

2) осы елді мекенде жылжымайтын мүліктің болуы (немесе болмауы) туралы мәліметтерді (уәкілетті мемлекеттік органдың анықтамасын);

3) кредиттік бюородан жылжымайтын тұргын үй сатып алуға немесе құрылышқа үлестік қатысады төлеу мақсатында алынған басқа қолданыстағы кредиттерінің болмады туралы ақпаратты;

4) жұмыс орнынан анықтаманы (егер қолданылса);

5) зейнетақы аударымдары бойынша көшірмені (егер қолданылса) сұратады.

Бұл ретте Банкке Қарыз алушылар берген құжаттардың растығы үшін жауапкершілік жүктелмейді, бірақ Банктің стандартты рәсімдеріне сәйкес құжаттардың Заңнама талаптарына сәйкестігін тексереді.

5. (5-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14. N 516 Қаулысымен).

6. Шартқа және Талаптарға сәйкес Банкте Салымды орналастыру Ипотекалық қарыздарды Қайта қаржыландыру жолымен оларды арзандатуды көздейді, бұл Талаптардың 7-бөлімінің 9 және 10-тармақтарында көзделген есеппен расталады. Бұл ретте Салымды мұндай нысаналы мақсат бойынша операциялар Банктің ішкі құжаттарына және рәсімдеріне, оның ішінде бухгалтерлік есеп бөлігінде жүзеге асырылады.

7. Банк Игеру кезеңі аяқталғанға дейін Салымды игереді. Игеру деп Қайта

қаржыландыру түсініледі. Салымды игеру нәтижелері бойынша Банк Талаптардың 7-бөлімінің 10-тармағына сәйкес Клиентке Салымды пайдалану туралы есептер береді.

16. Қорытынды ережелер

1. Тараптардың басқа Тараптың алдын ала жазбаша макұлдауының Шарт бойынша кез келген құқықтарды немесе міндеттемелерді табыс етуге құқығы жоқ. Осы Бапты бұза отырып мұндай табыс етуге кез келген әрекеттердің заңды құші және салдары болмайды. Шарт Тараптар, олардың құқықтық мирасқорлары және уәкілетті тұлғалар
үшін міндетті.

2. Барлық қосымшаларымен бірге Тараптар, сондай-ақ Талаптарға қосымша болып табылатын Шарт Тараптардың толық өзара түсіністігін білдіреді және Талаптарға сәйкес Салымдарды орналастыру жөніндегі олардың арасында болған барлық бұрынғы жазбаша немесе ауызша келісімдер мен уағдаластықтарды алмастырады.

3. Егер осы Талаптардың және/немесе Шарттың ережелерінің қандай да бір ережелері күшін жойса, кез келген байланыста заңсыз болса, бұл аталған құжаттарда қамтылған қалған ережелердің қолданылуы мен заңдылығына қандай да бір түрде әсер етпеуі тиіс. Солай бола тұrsa да Тараптар мұндай ережелерді ауыстыру үшін барлық
куш-жігерін салуға келісті.

4. Осы Талаптарға және/немесе Шартқа Тараптардың келісімі бойынша ғана
өзгерістер енгізуге болады.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.08. N 1551 (2009.05.25
бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

5. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, Шарттың шенберінде және оны орындауда Тараптар алмасатын барлық хат-хабар орыс тілінде жасалуы тиіс. Егер Хат-хабар Тараптар көздеген тілден өзге тілде жасалған жағдайда, онда оған Тараптар хат-хабар алмасу үшін келіскең тілге расталған аударма қоса берілуі тиіс. Хат-хабар алмасу Талаптарда, Шартта және Тараптар арасындағы өзге келісімдерде көзделген техникалық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Тараптардың деректемелері мен қолдары

"Банк"

"Клиент"

"Самұрық-Казына" АҚ
010000, Астана қ., Алматы ауданы,
Қабанбай батыр даңғылы, 23
СТН 620200333937
ЖСК _____ төңгемен
ЖСК _____ АҚШ долларымен
Астана қаласындағы "___" АҚ

филиалындағы Банк
БСК _____ Астана қ.

Тел/факс: 8 7172 792489

Басқарма төрағасы

Қ.Н.Келімбетов мырза

Басқарма төрағасы

қ о л ы

Жарғының негізінде

Жарғының негізінде

Екінші

денгейдегі

банктердің

ипотекалық

қарыздарды

кейіннен

қайта

қаржыландыруы

үшін

"Самұрық-Қазына"

ұлттық

әл-ауқат

қоры"

акционерлік

қоғамы

салатын

ақшалай

қаражаттың

банктік

салым

талаптарына

1-қосымша

қ о л ы

N____ банктік салым шарты

Астана қаласы

2009 жылғы "—" ақпан

Банк Клиентке N____ Жинақ шотын ашады, оған Клиенттің Салымын орналастырады және сақтайды, Салым бойынша сыйақы төлейді және осы Шартта және Екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық қарыздарды кейіннен қайта қаржыландыруы үшін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы салатын ақшалай қаражаттың банктік салым талаптарында (бұдан әрі - Талаптар) белгіленген тәртіппен Клиентке Салымды қайтарады.

Осы Шартта пайдаланылатын барлық терминдер мен бас әріппен жазылған дефинициялар оларға Талаптарда берілген мәнге ие.

Клиенттің осы Шарттағы қолы Клиенттің Талаптармен танысқанын, олармен келіскеңін және оларды тиісті түрде орындауға міндеттенетінін куәландауды.

1. Сомасы: төңге Осы сома Салымды орналастырған сэтте анықталды және Банк Клиентке Игерілмеген Салым сомасын қайтарған, сондай-ақ Талаптарға сәйкес Салым сомасын кезең-кезеңімен ішінара қайтарған кезде өзгереді.

2. Салым мерзімі: 2009 жылғы "xx" ақпаннын бастап 2029 жылғы "xx" ақпанға дейін

. Бұл ретте Салымды қайтару Талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Салым бойынша сыйақы ставкасы Талаптарға сәйкес айқындалады және жылдық ____%-ды (____пайызды) құрайды. Жылдық тиімді сыйақы ставкасы Заннаманың талаптарына сәйкес айқындалады және Шарт жасалған күнгі _____ % -ға (____пайызға) тен.

4. Салым сомасын Клиенттің Банктің филиалындағы нөмірі:
шотынан есептен шығару.

5. Салымның және ол бойынша сыйақы сомасын Клиенттің Банктің
филиалындағы нөмірі: _____ шотына қайтару.

6. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан 2 (екі) данада жасалды

7. Тараптардың орналасқан жері, банктік деректемелері мен қолдары:
"Банк" "Клиент"

"Самұрық-Қазына" АҚ
010000, Астана қ., Алматы ауданы,
Кабанбай батыр даңғылы, 23
СТН 620200333937

ЖСК _____ төңгемен
ЖСК _____ АҚШ долларымен
Астана қаласындағы "___" АҚ
филиалындағы Банк
БСК _____ Астана қ.
Н Б

Тел/факс: 8 7172 792489

Басқарма төрағасы

К.Н. Келімбетов мырза

Басқарма төрағасы

қ о л ы

Жарғының негізінде

Жарғының негізінде

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

17

ақпандагы

№ 179

қаулысымен

бекітілген

қ о л ы

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының
шарттар жасасуы үшін екінші деңгейдегі банктердің тізбесі және
ақшалай қаражатты орналастыру және қайта бөлу лимиттері**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.11.2015 № 891 қаулысымен.

Р / с №	Ұйымның атауы	Қаражатты бастапқы бөлү (млрд. теңге)	2009 жылғы 1 шілдеден бастап салымның игерілмеген бөлігін қайтарып алу сомасы (млрд. теңге)	Қаражатты жаңадан

				қайта бөлу (млрд. тенге)
1	2	3	4	5
1.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	64	3	61
2.	«Қазақстан халық жинақ банкі» АҚ	24	3,5	20,5
3.	«ForteBank» АҚ	17	3,1	16,9
4.	«ЦентрКредитБанк» АҚ	3		4,3
5.	«Kaspi Bank» АҚ	3		4
6.	«Еуразиялық Банк» АҚ	3		4
7.	«АТФ Банкі» АҚ	3		4,3
8.	«ЦеснаБанк» АҚ	3		4
9.	«Нұрбанк» АҚ			1
	Жиыны	120	9,6	120

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК